

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Психология


9-дәріс



ТҰЛҒАНЫҢ ЖӘНЕ ТОПТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ



Мандыкаева Алмагуль Рамазанқызы
психология ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а



Тақырыптар

1. Қарым-қатынас түсінігі.
 2. Қарым-қатынас түрлері, формалары мен қызметтері.
 3. Тұлғааралық қарым-қатынас ғылыми білімнің пәні ретінде. Тұлғааралық қарым-қатынастың сипаттамасы.
 4. Топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктері.
 5. Қарым-қатынас стильдері.
 6. Көшбасшылық және жетекшілік.
- 

Қарым-қатынас түсінігі

□ Қарым-қатынас - бұл ақпарат алмасудан, сондай-ақ серіктестердің бір-бірін қабылдауы мен түсінуінен тұратын адамдар арасындағы өзара әрекеттің күрделі процесі.

□ «Қарым-қатынас» категориясы психология ғылымында «ойлау», «мінез-құлық», «тұлға», «сана» сияқты негізгі категориялардың бірі болып табылады.



Қарым-қатынастың маңызды 3 аспектісі

Мазмұны

Құралы

Мақсаты



Қарым-қатынас түрлері

- Қарапайым – басқа адамды керекті және бөгет жасайтын объект ретінде бағалау
– егер әңгімелесуші адам керек болса, қарым-қатынасқа белсенді түрде түседі, ал егер бөгет жасаса, агрессивті, ұнамсыз қылықтармен жауап береді
- Ресми рөлдік – қарым-қатынастың тәсілі мен мазмұны алдын-ала белгіленіп қойған, және де әңгімелесуші туралы пікір оның әлеуметтік орнына қарай анықталады. Мұнда белгілі бір ұжымда адамның әлеуметтік функциясы маңызды рөл атқарады.
«Маска контактісі» - формальді қарым-қатынас, онда әңгімелесуші шынайы түрде емес, жасанды түрде, түсіністік танытпай жалған ілтипаттылық көрсету арқылы маска қолданылады. Мұнда қарым-қатынас тек үстірт және ресми деңгейде көрінеді.



Қарым-қатынас түрлері

Қарапайым
қарым-қатынас

- басқа адамды керекті және бөгет жасайтын объект ретінде бағалау арқылы.

Ресми рөлдік

- қарым-қатынастың тәсілі мен мазмұны алдын-ала белгіленіп қойған әлеуметтік орнына қарай анықталады

«Маска»

- формальді қарым-қатынас, шынайы емес, жасанды түрде, түсіністік танытпай жалған ілтипаттылық көрсету арқылы маска қолданылады.
- 

Қарым-қатынас түрлері

Іскерлік

- қандай да бір мәселеге, іске назар аударады. Алға қойылған мақсатқа жету үшін, әңгімелесушінің мінезі, жеке өзінетән ерекшеліктері, жасы, оның көңіл күйі ескеріледі.

Манипуляциялық

- әсер етудің әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы сұхбаттасушыдан пайда алуға бағытталған қарым-қатынас түрі.

Зайырлы

- шынайы көзқарастарын білдірмейді, мәдениет деңгейінде жай ғана әңгімелесу. Мақсаты - табысты адамдармен танысу, өзін басқаша етіп көрсетуге ниеттену.

Рухани

- өзара қызығушылықтары, артықшылықтары ескеріледі, олар сөздерге сәйкес реакция білдіреді.

Қарым-қатынас формалары



Функционалды рөлдік - белгілі әлеуметтік рөлдерді орындаушылардың психологиялық байланыстары, мысалы, оқушы-оқытушы, әке-бала, сатушы-алушы, дәрігер-ауру, бастық-бағынушы. Әрбір адам әр сәтте әртүрлі рөлдерді орындайды, сол рөлдерге байланысты қоғамда өз орнын табады.



Бейресми қарым-қатынас – бұл бейресми атмосферадағы адамдар арасындағы байланыс. Қарапайым мысал – туыстардың, достардың, ерлі-зайыптылардың немесе сүйіктілерінің, көршілердің өзара қарым-қатынасы. Әріптестер арасында түскі асқа бірге шығып, әртүрлі тақырыптарда еркін сөйлескен кезде де болуы

МҮМКІН.
Анонимді (бұқаралық) – кездейсоқ байланысқа түсетін адамдар арасында

ақпарат алмасу. Бұл жағдайда өзі туралы ақпарат беруге шектеу жасайды. Бұл



бейтаныс адамдар қоғамдық көлікте, суреттер көрмесінде, лифтте, кинотеатрда байланысқа түсуден көрінеді.

Қарым-қатынас формалары

Тікелей қарым-қатынас


- табиғи бетпе-бет, сөздік және сөздік емес (ым, қимыл) құралдар көмегімен жасалынатын тікелей психологиялық контакт, кері байланыс бір мезгілде өтеді.

Жанама қарым-қатынас

- қатысушылардың кері байланыс уақытын ұзартатын, не кешіктіретін, жазу және техника құралдары арқылы жасалынатын толымсыз психологиялық контакт.

Вертуалды қарым-қатынас

- ғаламтор желілерінде вертуалды жандармен байланысқа түсу формасы. Ғаламтор желілеріндегі диалог қызығырақ, жеңіл, оңайырақ, ыңғайлырақ. Желілер арқылы тәндік зиян келмейтінін бейсаналы түрде ұғына отырып, қауіпсіздігін түсінеді.



Қарым-қатынас функциялары

Ақпараттық	Экспрессивті немесе эмоциялық қатынастарды ұйымдастыру	Реттеуші немесе калыптастыр ушы	Әлеуметтік бақылау немесе растау	Әлеуметтену немесе байланыстыр ушы
------------	--	--	---	---





Тұлғааралық қарым-қатынас ғылыми білімнің пәні ретінде

Тұлғааралық қарым-қатынас – бұл өзара білім алмасуға, қарым-қатынасты орнатуға және дамытуға бағытталған және осы процеске қатысушылардың бірлескен іс-әрекетін белгілі бір күйге, көзқарасқа, мінез- құлыққа және реттеуге өзара әсер етуді көздейтін кем дегенде екі адамның өзара әрекеттесу процесі.






Тұлғааралық қарым-қатынас сипаты

Тұлғааралық қарым-қатынастардың ерекшелігі олардың эмоционалды болуында. Адамдар өзара бір-біріне деген сезімдері мен ықыластарын білдіріп жатады. Тұлғааралық қарым-қатынастар, әдетте, субъективті сипатта болып, әр адамның шын мәніндегі тұлғалық оң не теріс қасиеттеріне сай келе бермейді.

Қарым-қатынастың 3 жағы сипаттамасы



Тұлғааралық қарым-қатынастың сипаттамасы

Қарым-қатынас – өте күрделі феномен.

- Диалогтық немесе ашық қарым-қатынас (тең, өзара); -
Монологтық (тең емес: императивті немесе манипулятивті).
Императивті қарым-қатынас – авторитарлық стиль, оның мінез-құлқын, көзқарасын, ойларын бақылауға қол жеткізу және оны белгілі бір әрекеттерге немесе шешімдерге мәжбүрлеу мақсатында серіктеспен өзара әрекеттесудің директивті формасы. Манипулятивті қарым-қатынас – әр түрлі айла әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы әңгімелесушінің қалауынан тыс, тәуелді көнуге бағытталған қарым-қатынас формасы.

Тұлғааралық қатынастың сипаттамалары


тұлғааралық байланыс - серіктестердің бір әлеуметтік тұтастыққа бірігу дәрежесі

тұлғааралық қатынас - бұл байланыс серіктестері арасындағы ақпарат алмасу процестерінің бірлігі.

тұлғааралық қатынастар - белгілі бір уақыт аралығында екі немесе одан да көп адамдардың біршама тұрақты қарым-қатынас сипаттамалары

тұлғааралық өзара әрекеттесу негізіндегі мақсаттардың өзара келісімде көрінуі





Топаралық қатынас ерекшеліктері

Топаралық қарым-қатынас – топтың әрқайсысы өз ұстанымын қорғайтын, өзіне қол жеткізуге тырысатын екі қауымдастықтың қатысуы арқылы топтық мақсаттар немесе екі топ белгілі бір мәселе бойынша келісімге келуге, консенсусқа қол жеткізуге тырысатын қарым-қатынас сипаты.

Қарым-қатынас ережелері

https://www.youtube.com/watch?time_continue=18&v=V5ZeEqEPngI&feature=emb_logo



Ұлтаралық қатынас ерекшеліктері

- Ұлтаралық қарым-қатынас – әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасын, өз әрекетін көрсетудің нақты нысаны, қоғамда қабылданған мінез-құлық үлгісі. Мұндай қарым-қатынасқа түсе отырып, адам ұлттық сезімінің, ұлттық сана-сезімінің, тілдің, мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді.
- Ұлтаралық қарым-қатынас бірнеше деңгейде жүзеге асырылады: мемлекеттік деңгейде, бір мемлекет ішінде, топтар арасында, тұлғааралық.

Этносаралық қатынастардың 3 сипаты:

- достық сипатта
- бейтараптық тұрғыда
- конфликтілі жағдайда

Қарым-қатынас стильдері

Көшбасшылықтың үш стилін анықтаған К. Левиннің жіктемесі



•Авторитарлық



•Демократиялық



•Либералды

Қарым-қатынас стильдеріне сипаттама

Авторитарлы стиль

Іскерлік, қысқа бұйрықтар, Еш нәрсеге қарамастан, қорқыта отырып тыйым салынады, Анық сөйлеу, суық амандасу, Мадақтау және жазалау субъективті. Эмоция есепке алынбайды, дауыс ырғағы шешім қабылданатындай. Лидер позициясы – топтан тыс.

Демократиялық стиль

Бұйрықтар мен тыйымдар кеңесе отырып қабылданады, Іс-шаралар алдын емес, топта жоспарланады, Ұсыныс, шешімдердің жүзеге асуына барлығы жауапты. Көсбасшы позициясы – топшілік. Алқалық.

Либеральды стиль

Топтағы жұмыс өздігінен жүре береді, Мадақтаулар мен сөгіс болмайды. Әрекеттестік жоқ, Көсбасшы бұйрық бермейді. Көсбасшы позициясы топтан тыс, байқалмайды.

Көшбасшылық және басшылық

- Көшбасшылық - бұл бейресми қатынастар жүйесінен туындайтын адамдарға әсер ету процесі.
- Басшылық - құрылымдалған ресми (ресми) қатынастардың болуы және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету процесі.



Көшбасшы – өзара әрекетке итермелеуші немесе айналасына топтың мүддесіне сай құндылығы мен белгілі бір қалпын сақтай отырып топ құрып, сол топтың қойылған ортақ мақсатына жету жолында ұйымдастыру және басшылық жасау қабілетіне ие шағын топты ұйымдастырушы.



Лидер – бұл манипулятор емес, лидер – бұл мотиватор. Оның негізгі іс-әрекеті басқа адамдардың өркендеуіне бағытталған.



Көшбасшылық пен басшылық арасындағы негізгі айырмашылықтар



көшбасшы тұлғааралық қатынастарды, басшы ресми қатынастарын реттейді

көшбасшылық өздігінен пайда болады, басшы тағайындалады, тұрақты

көшбасшылық микро орта жағдайында туындайды, басшылық – макро-орта элементі

басшының шешім қабылдау ресми, жағдайға тәуелді, ал көшбасшы тікелей шешімдер қабылдайды

басшы белгілі бір жүйеде бағынушыларды нақты басқаруға иелік етеді





Администратор
Администратор
Міндеттейді
Міндеттейді
Міндеттейді сатымен

Жұмыс істейді
Басқалардың
Бамқыақлсайадты м ен
көстейді

Жылқы сеніңді
жұмысты дұрыс істейді
кәсіпқой

Жүйеге сенеді

Жұмысты дұрыс істейді

Инноватор
Инноватор
Шабыттандырады
Шабыттандырады
Өз мақсатымен жұмыс
Өз мақсатымен жұмыс

Сенеді
Сенеді
Энтуазист
Энтузиаст
Адамдарға сенеді
Адамдарға сенеді
Дұрыс жұмыс істейді
Дұрыс жұмыс істейді

Көшбасшылық қасиеттер

- Динамизм
- Көпміндеттілік Сенімді
- Көпшіл Сезімтал
- Ынтымақтастыққа
- дайын
- Аналитикалық ақыл
- Эмоционалды
- интелект



Цифровизация жағдайындағы эффективті көшбасшы

Цифрлық ақпарат ортасында оның жаһандануымен, ашықтығымен, жердің кез-келген түкпіріне интернет арқылы аса жылдамдықпен ақпарат таратумен өмір сүретін жаңа буын.

Ситрин мен Нефф цифрлық дәуірдегі көшбасшының заманауи 6 қасиетін көрсетеді:

1. Клиенттің мүдделеріне ерекше зейін қоя білу;
2. Ұйым құрылымындағы иерархиялық қағиданы жеңілдету;
3. Бизнес-модельдерді қолдана отырып басқару;
4. Компанияға қолайлы бағыт пен идеологияларды құру және ендіру;
5. Тәуекелге баруға даярлығы;
6. Бәсекелестерге қарағанда көбірек және тиімді жұмыс істеуге дайын болу.



Бақылау сұрақтары

- Әлеуметтік ортада индивидтің алатын рөлі мен орнын айқындаңыз.
- Тұлғааралық сыйымдылықты қалай түсіндіруге болады және оның классификациясын көрсетіңіз.
- Ұлтаралық қарым-қатынасты әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде түсіндіріңіз.
- Қарым-қатынас мәдениеті мен коммуникативтілік қабілеттің өзара байла ашып беріңіз.
- Гендерлік қарым-қатынас ерекшеліктерін сипаттаңыз.
- Отбасылық қарым-қатынастың өзіне тән ерекшелігі мен туыстық құрылым қарай қарым-қатынас сипатын ашып түсіндіріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Андреева Г.М., Социальная психология: Учебник для высших учебных заведений / Андреева Г.М. - М.: Аспект Пресс, 2017. -363 с.

Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе [оқулық] / Э. Аронсон; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [жәнет. б.]. -11-бас. -Астана: "Ұлттық аударма бюросы" ҰАҒА, 2018. -407, [2] б. -(Рухани жаңғыру).

Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений. –СПб: Питер, 2009.

Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенхуизен; ауд. Г.Қ. Айқынбаева [жәнет.б.]. -12-бас. -Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. -559, [1] б.: -(Рухани жаңғыру).

Рыжковская Т.Л. Основы психологии и педагогики -Минск.: Изд-во МИУ, 2010

<https://ktonanovenkogo.ru/voprosy-i-otvety/obshchenie-cto-hto-takoe-psiologii-funkcii-vidy-formy>

<https://students-library.com/library/read/61475-psiologia-mezlicnostnogo-obsenia-urovni.html>

<https://dogmon.org/lekciya-mejlichnostnoe-obshenie-kak-predmet-nauchnogo-znaniya.html>

Интернеттен суреттер

Назарларыңызға рахмет!

